

Бекітемін 
«Бере» бөбекжай-балалар бақпасы
менгерушісі
Тайметова А.Ж

"Күншуақ" ересек тобы
Ата – аналармен өткізілетін 2025-2026 жылдық жұмыс жоспары.

Тәрбиеші: Танатарова Н.О

Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.

Р/с	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек 1. Ата – аналарды 2025 – 2026 оқу жылының жоспарымен таныстыру. 2. Ата – аналар комитетін сайлау.	Ата – аналар жиналысы. Пікірлерін тыңдау.	Топ тәрбиешісі: Танатарова Н.О Психолог: Аманкулова А.С
2	Қазан 1. Ашық есік күнін ұйымдастыру. 2. "Балабақта" аялдамасы. 3. «Республика күні» тақырыптық іс-әрекеті 4. «Күздік астықтар» көрме	Ашық есік күні.	Медбике: Ергазиева В.К. Топ тәрбиешісі: Танатарова Н.О
3	Қараша 1. «Отбасылық тәрбие-бала денсаулығын қалыптастырудың негізі» 2. «Алтын күз» күз хатнамасы мен ханшайымы-2025	Ата-анаға кеңес сайыс	Медбике: Ергазиева В.К. Топ тәрбиешісі: Танатарова Н.О
4	Желтоқсан 1. «Қыс мезгілінде бала денсаулығын сақтау» 2. Диагностикалық зерттеудің қорытындысы. 3. «Аласқан Аяз ата» 4. «Қыс көрінісі» көрме	І жарты жылдық есеп беру. Ата – аналар жиналысы	Топ тәрбиешісі: Танатарова Н.О Психолог: Аманкулова А.С
5	Қаңтар 1. "Дені саудың – жаны сау" мәдени – гигиеналық шара. 2. Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері.	Жылжымалы папка. Буклет.	Топ тәрбиешісі: Танатарова Н.О Психолог: Аманкулова А.С
6	Ақпан 1. Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі. 2. Тәрбие отбасынан басталады.	Дөңгелек үстел.	Топ тәрбиешісі: Танатарова Н.О Психолог: Аманкулова А.С
7	Наурыз 1. «Әлемнің жарығын сыйлаған-Ата» 2. Қазақтың ою – өрнектері. 3. «Наурыз – Жыл басы»	Ертенгілік	Топ тәрбиешісі: Танатарова Н.О Психолог: Аманкулова А.С
8	Сәуір 1. Табиғатты аялайық. 2. «Ғарыш әлемінде» 3. «Планетарийге» аналарымен балалармен бару.	Ата – аналармен бірлескен жұмыс. Көрме (кол өнері)	Топ тәрбиешісі: Танатарова Н.О Психолог: Аманкулова А.С
9	Мамыр 1. Жыл қорытындысы ата-аналармен жиналыс. 2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды.	Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беру. Ата – аналар жиналысы	Медбике: Ергазиева В.К. Топ тәрбиешісі: Танатарова Н.О



«Зере» бөбекжай-балабақшасы

«Күн шуақ» ересек тобы

«Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттер»

Дайындаған: Танатарова Н.О

Ақтөбе-2025

**«Күн шуақ» ересек тобы
Ата-аналар жиналысы**

Тақырыбы:

«Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттер»

Мақсаты:

Ата-аналарды балабақшаның жаңа оқу жылындағы жұмыс жоспарымен таныстыру,
бала тәрбиесінде бірлескен іс-әрекетті жолға қою.

Форматы:

Тәрбиешінің сөздерімен дайын мәтін.

1. Кіріспе сөз

Тәрбиеші:

– Құрметті ата-аналар! Бүтінгі жиналысымызға қош келдіңіздер!

Бәріміздің мақсатымыз ортақ – балаларымыздың бақытты, дені сау, білімді болып өсуіне жағдай жасау. Ол үшін сіздер мен біз бірлесе жұмыс істеуіміз қажет.

Біздің ұранымыз: «Баланың бақыты – ата-ана мен тәрбиешінің бірлігінде».

(Ата-аналарға жылы лебіз білдіреді, жаңа келген балалардың ата-аналарын таныстырады).

2. Ақпараттық бөлім

Тәрбиеші:

– Құрметті ата-аналар! Жаңа оқу жылында біз «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» негізінде жұмыс жасаймыз.

Ересек топтың (4–5 жас) негізгі міндеттері:

1. Баланың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорын байыту;
2. Қарапайым математикалық түсініктерін дамыту;
3. Шығармашылық қабілеттерін ашу – сурет салу, ән айту, би билеу, құрастыру;
4. Қимыл-қозғалысын жетілдіру, денсаулығын нығайту;
5. Достық қарым-қатынасқа, тәртіпке, дербестікке баулу.

Күн тәртібі:

- таңғы қабылдау,
- жаттығулар,
- оқу іс-әрекеттері,
- ойын,
- серуен,
- тынығу сәті,
- шығармашылық әрекеттер,
- кешкі ойындар.

Баланың дамуы үшін бұл тәртіпті үйде де қолдау өте маңызды.

3. Психологтың сөзі немесе тәрбиешінің қосымша ақпараты (10 мин)

Тәрбиеші:

– 4-5 жасар балалардың ерекшеліктеріне тоқтала кетейін.

Бұл жаста бала өзін жеке тұлға ретінде сезінеді, дербестікке ұмтылады, үлкендерге еліктейді. Баланың ойлау қабілеті, сөйлеу дағдылары тез дамиды.

Ата-аналарға кеңес:

- Баламен жиі сөйлесіңіздер, бірге кітап оқыңыздар;
- Үй шаруасына қатысты шағын тапсырмалар беріңіздер (үстел жинау, ойыншықты орнына қою);
- Баланың жетістігін мадақтап отырыңыздар;
- Ешқашан басқа балалармен салыстырмаңыздар, әр баланың даму қарқыны әртүрлі.

4. Ұйымдастыру мәселелері

Тәрбиеші:

– Құрметті ата-аналар! Біздің топтың жұмысы жемісті болуы үшін ата-аналар комитетін сайлауымыз қажет.

(Төраға, қазынашы, мерекелік іс-шараларға жауапты ата-аналар ұсынылады).

– Алдағы уақытта балалардың мерекелері, шығармашылық көрмелері, серуендері ұйымдастырылады. Осы жұмыстарға бірлесе атсалысуға шақырамын.

5. Пікір алмасу, шағын жаттығу

Тәрбиеші:

– Қазір кішкентай жаттығу жасайық. Әрқайсыңыз «Менің баламды үш сөзбен сипаттаймын» деп, балаңыздың жақсы қасиеттерін айтып беріңіздер.

(Ата-аналар кезекпен айтып шығады. Тәрбиеші қорытындылап, балалардың әрқайсысы ерекше екенін атап өтеді).

– Енді талқылауға сұрақ: «Мен үйде баламның жетістігін қалай қолдаймын?» – әр ата-ана қысқаша пікірін айтады.

6. Қорытынды сөз

Тәрбиеші:

– Құрметті ата-аналар! Бүгінгі жиналыста біз жана оқу жылындағы мақсаттармен таныстық, балалардың жас ерекшеліктерін қарастырдық, өзара пікір алмастық. Ең бастысы – сіздер мен біз бірге жұмыс істегенде ғана балаға толыққанды тәрбие бере аламыз.

– Әр баланың жетістігі – сіз бен біздің еңбегіміздің жемісі. Балаларымыздың болашағы жарқын болсын!

Сіздерге бүгінгі белсенді қатысуларыңыз үшін алғыс айтамын.

«Зере» бөбекжай балабақшасы

«Күншуақ» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №1

Қатысқаны: 12

Қатыспағаны: 6

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Баяндама « Менің отбасым және ондағы менің орыным»
3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Меңгеруші А.Ж. Тайпетова топтағы ата-аналарды бір-бірімен санымен қатар топ тәрбиешісі Танатарова Н.О мен таныстырды. Ендігі кезекте ұйыдастырылған оқу қызметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Танатарова Н.О « Менің отбасым және ондағы менің орыным» баяндама оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Тутаева Жансая баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстрып ата-аналар комитетінің мүшелрін сайлауға шақырды.

Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Мырзағали Арайлым деп шенгі.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған таларты өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Турлыбекова Жаңыл болсын.

Төрайымы :  танатарова Н.О

Хатшы:  Мырзағали А.С

Бекітемін: 
«Зере» балабақшасының
Меңгерушісі: Тайпетова А.Ж.

«АЛТЫН КҮЗ»

Күз ханзадасы мен ханшайымы
2025

«Күншуақ» ересек тобы



Тәрбиешілер: Қалыбай А.Ж.
Қурманғалиева Д.К.
Танатарова Н.О.

Ақтөбе 2025

Мақсаты: Балалардың күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту, табиғатты сүйге, әдемілік пен өнерді бағалауға, өзін еркін ұстауға тәрбиелеу.

 1-бөлім: Кіріспе

Жүргізуші:

– Сәлеметсіздер ме, қадірлі қонақтар!

Бүгін бізде ерекше мереке – “Алтын күз ханшайымы мен ханзадасы” сайысы!

Күз – береке, молшылық, алтын түсті жапырақтар мен әдемі табиғаттың мезгілі.

Бүгін біз ең әдемі, ең өнерлі, ең ақылды ханшайым мен ханзадамызды

таңдаймыз! 

Сайысымызға қатысушыларға әділ баға беретін, «әлдізқазы» мүшелерімен таныс болыңыздар!

- ↓ «Зере» балабақшасының директоры : Калназарова Ақсауле Зархомовна
- ↓ Балабақша меңгерушісі: Тайпетова Айымгүль Жұмаханқызы
- ↓ Балабақша медбикесі: Ергазиева Венера Калибаевна

Сайысқа қатысушыларды өз кезектерін анықтау үшін ортаға шақырамыз.

1. Амандыкова Наргиз Қуандыққызы
2. Әділхан Жанайым Естайқызы
3. Есенғос Зере Нұрдаулетқызы
4. Альмукашова Інжу Айтбаевна
5. Алпысбай Жібек Медетқызы
6. Талап Төренұр Ернарұлы
7. Жайылған Мансур Азаматұлы
8. Серік Қуаныш Мадиярұлы
9. Қыдырғали Нұрлыбек Нұрсұлтанұлы

Сайыс кезеңдері:

1.  «Таныстыру»
2.  “Өнерлі болсаң, өрге шық!”
3.  “Сән мен сәндік” (Күзгі дефиле)
4.  “Күзгі байлық” тапсырмасы

Ән: «Алтын күз келді»

Жүргізуші:

Қош келдіңіз көрермен
«Күзгі балдың кешіне»
Отырыңыз қол соғып,
Шат күлкіге бөлене.

 **1-бөлім: Таныстыру**

Жүргізуші:

– Ендеше, сайысымыздың алғашқы кезеңі — “Таныстыру”.

Әр ханшайым мен ханзада өздерін таныстырады.

Балалардың тақпақтары:

Айша

Алтын, сары, қызыл, көк
Алуан алуан жапырақ
Ағаштардан жамырап,
Ұшты кенет жапырақ.

Зере

Көбейді құт береке
Астық толы қоймамыз
Құтты болсын мереке
Алтын күзді тойлаймыз.

2.  “Өнерлі болсаң, өрге шық!”

Жүргізуші:

– Ендеше, сайысымыздың екінші кезеңі – «өз өнері».

Тақпақтар:

Хүсейн

Жүзім алма жинаймыз
Алтын мақта тереміз

Үлкендерді сыйлаймыз
Көмектесе береміз

Хақназар
Көбейді құт береке
Астық толы қоймамыз
Құтты болсын мереке
Алтын күзді тойлаймыз.

3. 🍎 “Сән мен сәндік” (Күзгі дефиле)

-Сайысымыздың үшінші кезеңі – «сән үлгісі»

Медина
Күн шуаққа маужырап
Жатыр еді адырап
Ағаштардан жамырап,
Ұшты кенет жапырақ

Самұрат
Сап сары ғып даланы
Бояпты ғой күз деген
Құстар қанат қағазды
Қоштасқандай бізбенен

Әміре
Ұшты талдан жапырақ
Сары көбелек секілді
Аспанда жай шатырлап
Тамшы желге секірді

Асылжан
Қамба толды астыққа
Алғыс саған алтын күз
Бір ұыс дән шаштық та,
Қап қап қауын алдық біз.

4. 🍎 “Күзгі байлық” тапсырмасы

-Сайысымыздың төртінші кезеңі-«Қол өнері»

Би « флешмоб»

🏆 7-бөлім: Қорытынды және марапаттау

Жүргізуші:

– Құрметті қонақтар, міне, біздің сайыс та өз мәресіне жетті!

Барлық қатысушылар өте әдемі, ақылды және өнерлі болды.Қазылар алқасы қорытынды шығарып, “Алтын күз ханшайымы” мен “Күз ханзадасы” атағын жариялауға ортаға балабақшамыздың директоры: Калназарова Ақсауле Зархомовнаны шақырамыз.

Жүргізуші: 🎯

Қош демейміз, әлі талай сайыстар бар

Өнерлерің өрлей берсін, қайыспандар,

Ойлы орта кеңейсін күннен - күнге

Өскен елдің жұртынан қалыспандар,- дей келе,қош сау болыңыздар!

1.	Амандыкова Наргиз Қуандыққызы	
2.	Әділхан Жанайым Естайқызы	
3.	Есенғос Зере Нұрдаулетқызы	
4.	Альмукашова Інжу Айтбаевна	
5.	Алпысбай Жібек Медетқызы	
6.	Талап Төренұр Ернарұлы	
7.	Жайылған Мансур Азаматұлы	
8.	Серік Қуаныш Мадиярұлы	
9.	Қыдырғали Нұрлыбек Нұрсұлтанұлы	

Бекітемін:



«Зере» балабақшасының

Менгерушісі: Тайпегова А.Ж

23.10.2025

«Республика күні» тақырыптық іс- әрекеті

«Күншуақ»ересек тобы

Тәрбиеші: Танатарова Н.О

Ақтобе – 2025ж

25 қазан «Республика күні» мерекесі

«Күншуақ» ересек тобы

Мақсаты: Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

Балалар *«Тасып жатыр бойда батыр рух» әуенімен шығады.*

Жылулық шеңбері

Амандасу үлкенге
Тәрбиенің басы ғой
Ал, кәнекей бәріміз
Сәлем дейік үлкенге,
Сәлемәтсіздер ме балалар!
Біз Қазақтың баласы
Дені сау салауатты
Біз-ұлттың болашағы
Білімді де сауатты!

Әнұран айту. (Барлығы орындарынан тұрып жүректеріне оң қолдарын қояды)

-Балалар біздің ұлтымыз кім?

-Қазақ

-Балалар біздің мемлекетіміз қалай аталады?

-Қазақстан Республикасы.

-Қазақстан қандай мемлекет ?

-Егеменді, тәуелсіз мемлекет.

-Елбасымыз кім?

-Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев

-Елорда бас қаламыз қай қала?

-Астана қаласы.

-Ал өзіміз қандай қаланың жанында тұрамыз?

-Талғар қаласы.

-Ал Қазақстанда қандай ұлт өкілдері тұрады?

-Татар, өзбек, корей, шешен, қырғыз, орыс т.б

-Олармен біз қалай тұрамыз?

-Тату тұрамыз.

Ал енді айтыңдаршы Егемендігіміздің белгісі нелер?

-Рәміздеріміз. Ту, Елтаңба, Әнұран.

Тәрбиеші. Тудың түсі көгілдір. Ортасында күн. Күннің астында қыран құс. Оң жағында қазақтың ою-өрнегі. Мемлекеттік тудың авторы Шәкен Ниязбеков.

Елтаңбаның ортасында шаңырақ. Екі жағында тұлпар, жоғарғы жағында жұлдыз, астында «Қазақстан» деп жазылған. Елтаңбаның авторы- Жандарбек Мәлібеков. Шота Уалиханов

Ойын: «Орамал тастамақ»

Ән: «Тәуелсіз ел ұраным» (балалар екі қатарға құрады)

Такпақтар

1 Елтанбасы елімнің, **Зере**
Неткен әйбат әдемі
Тұнығындай көңілдің,
Ортада аспан әлемі

2 Құт береке шаңырақ, **Хусейн**
Орын алған ол төрден
Қанатты қос арғымақ,
Екі жактан көмкерген.

3 Тәуелсіздік жолында, **Төренұр**
Талай-талай тер тамған
Билігім өз қолымда,
Еркіндігім - Елтанбам

4 Мерекеге шығады, **Каусар**
Бүкіл халық біліп қой,
Отандастар ұғады,
Тәуелсіздік ұлы той.

5 Алтын дәнді даласы бар, **Бекнұр**
Ақ күмістей каласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Шығармашылық сәт:

Тәрбиеші:

Ал енді балалар тудың суретін бояп үйренеміз (дәстүрден тыс жұмыс жасаймыз).
Мемлекеттік тудың ортасында отыз екі сәуле тараған, күн бейнеленген, күннің астында
калықтаған дала қыраны бар. Ал тудың шетінде ұлттық оюлармен бейнеленген.

Сергіту сәті

Дөңгелене тұрамыз
Керегені құрамыз
Уықтар боп иіліп
Шаңыраққа киіліп,
Киіз үйді тігеміз
Еліміздің аспаны ашық болсын!
Жерімізде гүлдер көп болсын! (Гүлді шашу)

Қорытынды:

- Сонымен балалар біздер бүгінгі тәрбие сағатымызда Отанымыз Қазақстан туралы,
Қазақстан Республикасының рәміздері жайлы әңгімелестік.

Біз тәуелсіз елде тыныш өмір сүріп жатырмыз.

Аспанымызда әрдайым күніміз жарқырап тұрсын деген ниетпен бәріміз жапсыру тақтаға шуақты күннің бейнесін жапсырайық.

Бүгінгі іс әрекетімізге жақсы қатысқандарың үшін барлықтарыңа рахмет!

«Зере» бөбекжай балабақшасы

«Күншуақ» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №2

Қатысқаны: 10

Қатыспағаны: 6

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама оқыды
2. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
3. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.

Тыңдалды:


Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Танатарова Н.О баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.


Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналарбір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Танатарова Н.О жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Соны мен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға бейлейтін номерлері бар екенін, оларға арнай киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Қаулы:

1. Баяндаманы Танатарова Н.О оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдерін мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
3. Ертеңгілікте берілетін сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.

Төрайымы:  Танатарова Н.О

Хатшы:  Мырзағали А.С

«Зер» бөбекжай - балабақшасы



«Әлемнің жарығын сыйлаған – Ана»
«Күншуақ» ересек тобы



Тәрбиеші: Танатарова Н.О
Қазиева А.Д

Ақтөбе-2026ж

✿ «Әлемнің жарығын сыйлаған – Ана»

8 Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік сценарий

(Балалар музыкамен залға кіріп, төрт қатар болып тұрады)

Хусейн

Ақ гүлдер мен көк гүлдер,
Хош иісті көп гүлдер,
Анамызға сыйлайтын
Құшақ толы бак гүлдер!

Зере

Менің анам ардақты
Алтыннан да салмақты
Жаксы көріп баласын
Мәпелейді анашым

Жібек

Құрт пен майын жинаған
Балаларға сыйлаған.
Бұл әжемнің өмірі
Таусылмайтын жыр маған

Төренұр

Мәпелейсің мені анам
Қолыңдағы құсындай
Құлпыра өсіп дем алам.
Құшағында қысылмай

Феяның келуі

(Сикырлы музыка ойнайды)

Армысыздар, ардақты аналар, аяулы әжелер, құрметті қонақтар!
Сіздерді көктемнің ең шуақты, ең мейірімді мерекесі — 8 Наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгінгі мереке – анаға деген махаббат пен құрметтің мерекесі.
Ана – өмірдің бастауы, отбасының жүрегі, шаңырақтың шуағы.

Біздің балаларымыз сіздерге арнап ән айтып, би билеп, ойын ойнап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлауға дайын!

Ендеше мерекемізді бастайық!

♪ Ән: «Көктем келді»

(Барлық балалар орындайды)

Такпактар

Әміре

Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз
Әженіде ардақтап
Әдеппен бас неміз

Адия

Бөбегіңнің сыйлығын
Қабыл алшы анашым
Ұзақ өмір жүр жасап
Ауырмашы анашым

Інжу

Әр сөзінді жаттаған
Жүрегінде сақтаған
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ мамам

Дария

Еркелесем күнім дейтін
Ұрысқаны білінбейтін
Маңдайымнан иіскеп менің
Құлыншағым күнім дейтін

Айша

Әжем менің әйбат
Ешкім оған жетпейді
Күні бойы бірге ойнап
Жанымнан бір кетпейді

Аминна

Мен анамды сүйемін
Сөзін ойға түйемін
Анашымды ардақтап
Басымды оған немін

Фея:

Балалар, сендер аналарыңды жақсы көресіңдер ме?

Балалар: Иә!

Фея:

Ендеше, бүгін мен сендерді сынап көрейін.
Аналарыңа қалай көмектесетіндеріңді көрсетіңдер!

Ойын «Анамның бір күні»

1бала кір жуады
2бала тамақ пісіреді
3 бала еден жуады
4бала шаң сүртеді
5 бала киім өтектейді
6бала киім тігеді
7бала үй сыпырады

 **Жүргізуші:**

Жарайсындар! Сендер нағыз көмекші екенсіңдер

Қыздардың биі

 **Би: «Қуыршак биі»**

Ғажайып сәт: Балабақша ішілік өткізілген «Екі Жұлдыз -2025» байқауының жүлделі орын иегерлері Хаснов Хусейн мен анасы Бисембиева Бақытты өз өнерлерімен шақырамыз!

Ұлдардың анасымен биі

 **Би: «Ана мен бала вальсі»**

(Ұлдар шығып, аналарға тағзым етеді)

Ән «Анашым Анажаным»

(Балалар орындайды)

Ата – аналармен ойын

Фея:

Мен бүгін сендердің аналарына деген сүйіспеншіліктеріңді көрдім.
Сендер өте мейірімді балалар екенсіңдер!

Енді мен сендерге сиқырлы қуаныш сыйлаймын!

(Музыка ойнайды)

Құрметті аналар!
Балаларыңыз сіздерге арнап сыйлық дайындады.
Қабыл алыңыздар!

(Балалар аналарын құшақтап, сыйлық береді)

 **Фея:**

Қымбатты аналар мен әжелер!

Сіздерге зор денсаулық, таусылмас бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық тілейміз!
Әр күніңіз көктемдей жайнап, жүздеріңізден күлкі кетпесін!

8 Наурыз мерекесі құтты болсын!

Мерекелік кешіміз аяқталды.
Назарларыңызға рахмет!

Ата-анаға пайдалы кеңестер

1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
2. Мейлі қанишалықты тиынақты әрі жылдам орындасаңыз да, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
3. Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
4. Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
5. Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.
6. Балаға өзінің іс-әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.
7. Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз.
8. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.
9. Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын, сіздің сөйлеген сөзіңізді, іс-әрекетіңізді балаңыз қайталайды.
10. Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.
11. Жақсы іс-әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермелеңіз.
12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.
13. Ешқашан да баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керісінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.

Ата-ана туралы нақыл сөздер

Ата-ананың сөзі —
Айдын жолдың өзі.
Ақылдының сөзі —
Ақ дарияның өзі.

Бала жетесіз болса,
Ата-анасын жерге
қаратады.

Бала жетелі болса,
Ата-анасын елге қаратады.

Кең пейілді атаның
Жүзі жылы, жолы кең.
Мейірімі мол ананың —
Жүрегі жылы, қолы кең.

Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата-ананың рөлі

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен,
- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.
- Кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген (картоп, нан).
- Балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.
- Балаңызбен үйде сөйлесесіз бе, оны мақтайсыз ба, оны жақсы көретіңіз туралы айттыңыз ба?

Ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

- Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаңыз.
Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады.
- Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеңіз.
- Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және соны қатал ұстаныңыз.
Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдарқатпаңыз.
- Балаға анық түсінік беру керек.

Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі қарай баланы көндіру өте қиынға түседі.

2 -3 жастағы балалардың балабақшаға тез бейімделуі үшін кеңес:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз
- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.
- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.
- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай-ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.
- Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.
- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.
- Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет.

Ата-аналарға ұсыныс:

1. Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты сұрақтарға психологтан ақыл-кеңес алыңыз.
2. Баланы балабақшаға тек қана дені сау күйінде жіберіңіз.
3. Салалық дәрігерден алдын-ала біліп алыңыз: балаңызға бейімделудің қандай түрі жағымды, егерде бейімделу қиындау болса, онда уақытында барлық жағдайды жасаңыз.
4. Баланың туғаннан бейімделу механизмінің жүйесін жаттықтырыңыз. Баланы тосын жағдайларда қимыл-әрекетін өзгерте білуге үйретіңіз.
5. Балабақшадағы күн тәртібіндегі жаңа сәтін алдын-ала біліп алып, оларды үйдегі күн тәртібіне кіргізіңіз.
6. Сізді толғандырып жүрген балабақшаға байланысты мәселелерді баланың көзінше талқыламауға тырысыңыз.
7. Өз уақытыңызды былай жоспарлаңыз: баланың балабақшаға қатысуының алғашқы айында сіз балаңызды күні бойға қалдырмауға жағдай жасаңыз.
8. Баланы өзі жақын арада келетін топтың балаларымен және тәрбиешілерімен ертерек таныстырыңыз.
9. Үйде баланы өзіне-өзі қызмет етуге қажетті барлық дағдыларға үйретіңіз.
10. Сіздің балаңыз бәрінен бұрын сізге қымбатты және сүйікті екенін ұмытпаңыз!

Ата-аналарға арналған т р е н и н г

«Өз балаңызды жақсы білесіз бе?»

Мақсаты: Ата – анамен баланың ортасындағы қарым – қатынасты анықтау.

Әр қатысушыға доп лақтырып, төмендегідей сұрақ қойылады.

1. Балаңыздың жақсы көретін түсі қандай?
2. Қандай тағамды сүйсініп жейді?
3. Балаңыздың атын еркелеткенде қалай атайсыз?
4. Балаңыздың ең жақын досының есімі кім?
5. Сүйіп оқитын пәні?
6. Балаңыз балабақшада кімдермен дос?
7. Балаңыз қандай мультфильмді жақсы көреді?
8. Балаңыздың тәрбиешісінің толық аты-жөні кім?
9. Балаңыз қай жылдан бастап балабақшаға келді?
10. Балаңыздың тобында неше бала бар?
11. Директордың толық аты-жөні?
12. Балаңыздың жақсы көретін киімі?
13. Балаңызға қандай ойыншық ұнайды?
14. Не нәрсеге ынтасы бар?





«Күншуақ» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №3

Қатысканы: 10

Қатыспағаны: 6

Күн тәртібі:

1. Жиналыстың мақсаты мен тақырыбы бойынша кіріспе.
2. Жаз мезгілінде балаларды күтуге қатысты ұсыныстарды талқылау.
3. Ата-аналармен пікір алмасу.
4. Қорытынды және ұсыныстар.

Жиналыстың барысы

1. Кіріспе сөзі (Тәрбиеші):

- Тәрбиеші жиналысты ашып, жаз мезгілінде балалардың денсаулығын сақтаудың маңыздылығын атап өтті:
«Жаз – балалар үшін қызықты мезгіл. Бірақ бұл кезеңде олардың денсаулығын қорғау үшін ерекше назар аудару қажет. Бүгін біз осыған қатысты негізгі ережелер мен ұсыныстарды талқылаймыз.»

2. Ақпарат беру: Қыс мезгілінде балаларды күту бойынша ұсыныстар

2.1. Киім таңдауы:

- Баланы ауа райына сәйкес киіндіру:
 - Бастарына кепка киюін қадағалау.
 - Киімдердің денені қыспай, еркін болуы керек екені айтылды.

2.2. Тамақтану:

- Иммунитетті нығайту үшін дәрумендерге бай тағамдар тұтыну:
 - Жемістер (апельсин, алма), көкөністер (сәбіз, қызылша), ақуызға бай тағамдар (ет, жұмыртқа, сүт өнімдері).
 - Жылы сұйықтықтарды жиі ішу маңызды екені талқыланды.

2.3. Гигиена және қауіпсіздік:

- Қолды жиі жуу, бөлмелерді желдету және тазалықты сақтау қажеттілігі айтылды.

- Серуендеуден кейін киім мен аяқ киімді тексеру.

2.4. Физикалық белсенділік:

- Таза ауада серуендеу және сумен ойнау баланың денсаулығына пайдалы.
- Қатты ыстық күндері серуен уақытын 20-30 минутпен шектеу ұсынылды.

2.5. Маусымдық аурулардың алдын алу:

- Баланың денсаулығы нашарлаған жағдайда дереу дәрігерге жүгіну қажеттілігі айтылды.
- Ыстық өтудің алдын алу шаралары: дұрыс киіну, дене жаттығуларын жасау, дәрумендерді қабылдау.

3. Пікір алмасу:


- Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісті:
 - Ата-ана 1: *«Біз баланы серуенге шығар алдында салқын сусын береміз.»*
 - Ата-ана 2: *«Мен балаларымның иммунитетін нығайту үшін оларды шоп шайлармен қамтамасыз етемін.»*
- Ата-аналардан сұрақтар:
 - *«Серуеннен кейін баланы жылдам салқындату үшін не істеу керек?»*
 - *«Баланың тамақтану тәртібін қалай дұрыс ұйымдастыруға болады?»*

4. Қорытынды:

- Тәрбиешінің қорытынды сөзі:
«Баланың денсаулығы – бұл біздің басты байлығымыз. Жаз мезгілінде оның күтімі мен қауіпсіздігіне ерекше назар аудару қажет. Сіздердің қолдауларыңызбен біз бұл кезеңді сәтті өткізе аламыз.»
- Ата-аналарға «Жаз мезгілінде бала денсаулығын сақтау ережелері» атты жадынама таратылды.
- Балабақша жазғы серуендер мен балалардың күн тәртібін сақтау бойынша өз жұмысын жалғастыратынын атап өтті.

Төрайымы :

Хатшы:



Танатарова Н.О

Мырзағали А.С